

Шектеу іс-шараларын алыш тастау және Ақтөгай ауданы Басқамыс ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 5 мамырдағы "Ақтөгай ауданының Басқамыс ауылдық округінің Басқамыс ауылының "Шұбар Құлын" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақтөгай ауданы Басқамыс ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 24 тамыздағы № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 қыркүйекте № 5621 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Ақтөгай ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының міндетін атқарушы 2017 жылғы 24 шілдедегі № 2-01/208 ұсынымы негізінде, Басқамыс ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ирі қара малдың құтырықпен ауыруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринарлық іс-шаралар кешенінің жүргізуіне байланысты Ақтөгай ауданының Басқамыс ауылдық округінің Басқамыс ауылының "Шұбар Құлын" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шаралары алыш тасталсын.

2. Ақтөгай ауданы Басқамыс ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 5 мамырдағы "Ақтөгай ауданының Басқамыс ауылдық округінің Басқамыс ауылының "Шұбар Құлын" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 12 маусымда № 5525 болып тіркелген, 2017 жылғы 17 маусымда "Ауыл тынысы" және "Пульс села" аудандық газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Басқамыс ауылдық округінің әкімі

С. Нұрлықаимов

КЕЛІСІЛДІ:

"Ақтөгай ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

А. Нұргазин

2017 жылғы "24" тамыз

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринарлық бақылау және

А. Малюкова

қадагалау комитетінің Ақтогай  
аудандық аумақтық инспекция"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

2017 жылғы "24" тамыз

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сактау министрлігі  
Қоғамдық денсаулықты қорғау комитеті  
Павлодар облысы қоғамдық денсаулықты  
корғау департаментінің  
Ақтогай аудандық қоғамдық  
денсаулықты қорғау басқармасы"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесі басшысының міндеттін атқарушы

*K. Смағұлов*

2017 жылғы "24" тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК